



Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 маусымдағы N 532 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қостанай облысының әкіміне облыстың солтүстік шығыс өңіріндегі су тасқыны зақымдаған автожолдарды және басқа да құрылыштарды жөндеуге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген резервінен 150 (жүз елу) миллион теңге бөлінсін.
2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдалануын бақылауды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК